

ДӘРІЛІК ЗАТТЫ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

ЕКІ ТҮРЛІ МӨЛШЕРЛЕМЕДЕ АЛДЫН АЛА ТОЛТЫРЫЛҒАН ШПРИЦ-ҚАЛАМ ТҮРІНДЕГІ СОЛИКВА® СОЛОСТАР® (ИНСУЛИН ГЛАРГИН 100 ЭБ/ МЛ + ЛИКСИСЕНАТИД) ПРЕПАРАТЫ.

Құрметті денсаулық сақтау маманы,

Осы хаттың мақсаты – сізге 2 типті қант диабетімен ауыратын ересек науқастарды емдеуде метформиндік монотерапияның немесе метформиннен басқа пероралдық гипогликемиялық құралмен немесе базальдік инсулинмен үйлесімде емдеу нәтижесі жеткіліксіз болғанда гликемиялық қадағалауды жақсартуға арналған, метформинмен үйлесімде қолданылатын Соликва® СолоСтар® препаратының мөлшерлемесі жайлы маңызды ақпаратты жеткізу.

Түйіндеме

Соликва® СолоСтар® бұл Қазақстанда тіркелген екі препараттың бекітілген қатынастағы үйлесімі: инсулин гларгин 100 ЭБ/мл (Лантус®) және ликсисенатид (Ликсумия). Соликва® СолоСтар® препараты ликсисенатидтің әртүрлі мөлшерлемесі және 100 ЭБ /мл гларгин инсулин мөлшерлемесінің әртүрлі аралығынан тұратын алдын ала толтырылған екі шприц-қалам түрінде шығарылады. Препарат 60 бірлікке дейінгі мөлшерлемеден инсулинге түрлі қажеттілігі бар науқастарды емдеуге арналған.

- Шприц-қаламның екі түрі де 100 ЭБ/мл мөлшердегі гларгин инсулинінен тұрады.
- Соликва® СолоСтар® (10-40) шприц-қаламы препаратының 10-нан 40 бірлікке дейінгі тәуліктік дозаларын алуға мүмкіндік береді (мөлшері: инсулин гларгин 100 ЭБ/мл және ликсисенатид 50 мкг/мл; 5-тен 20 мкг-ге дейінгі дозадағы ликсисенатидпен біріктірілген 10-нан 40 ЭБ-не дейінгі инсулин гларгин). Инъекцияға арналған қызыл сары түсті дозатор түймесі бар сары түсті шприц-қалам.
- Соликва® СолоСтар® (30-60) шприц-қаламы препаратының 30-дан 60 бірлікке дейінгі тәуліктік дозаларын алуға мүмкіндік береді (инсулин гларгин 100 ЭБ/мл және ликсисенатид 33 мкг/мл; 10- нан 20 мкг-ге дейінгі дозадағы ликсисенатидпен біріктірілген 30-дан 60 ЭБ-не дейінгі инсулин гларгин). Инъекцияға арналған қоңыр түсті дозатор түймесі бар зәйтүн түсті шприц-қалам.
- Соликва® СолоСтар® препаратының екі түрі де СолоСтар® шприц-қаламдарында шығарылады.

СОЛИКВА® СОЛОСТАР® (10-40)

ШПРИЦ-ҚАЛАМЫ

100 ЭБ/мл инсулин гларгині және

50 мкг/мл ликсисенатид

бар теріасты егуге арналған 1 мл ерітінді.



СОЛИКВА® СОЛОСТАР® (30-60)

ШПРИЦ-ҚАЛАМЫ

100 ЭБ/мл инсулин гларгині және

33 мкг/мл ликсисенатид

бар теріасты егуге арналған 1 мл ерітінді.



Қосымша ақпараты бар толық нұсқаулық, сондай-ақ Соликва® СолоСтар® препаратымен ем қабылдап жүрген науқастарға ұсынуға арналған нұсқаулық қоса берілген.

Осы хабарламадағы ақпарат Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығымен келісілген.

Дәрі-дәрмекті тағайындау бойынша қосымша ұсыныстарды Соликва® СолоСтар® дәрілік препаратының жалпы сипаттамасынан табуға болады.

Егер сізде сұрақтарыңыз бар болса немесе сізге қосымша ақпарат қажет болса, Алматы қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 187Б мекенжайы бойынша орналасқан «Санофи-авентис Қазақстан» ЖШС медициналық ақпарат қызметіне жүгініңіз, тел.: +7 (727) 244 50 96, жедел желі телефоны 8 800 080 00 22, электрондық пошта: Medinfo.Kazakhstan@sanofi.com

Денсаулық сақтау саласындағы мамандар осы дәрілік құралды пайдалану кезінде анықталған жағымсыз әсерлер және дәрілік қауіпсіздік бойынша басқа ақпараттар жайлы Ұлттық дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау орталығының сайтындағы www.ndda.kz портал арқылы хабарлауы тиіс.

Сондай-ақ, бұл ақпаратты «Санофи-авентис Қазақстан» ЖШС-не 8 800 080 00 22 телефоны немесе Kazakhstan.Pharmacovigilance@sanofi.com электрондық поштасы арқылы беруге болады.

«Санофи-авентис Қазақстан» ЖШС, А15Т6К6, Алматы қ., Н. Назарбаев даңғылы, 187Б, тел:+7(727)244-50-96.

Қосымша тіркеледі:

- Соликва® СолоСтар® препаратының қолдану бойынша Денсаулық сақтау мамандарына арналған нұсқаулық
- Науқастарға арналған нұсқаулық

Соликва® СолоСтар® дәрілік затты медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулық (Қосымша парақ).



Соликва® СолоСтар® дәрілік препараттың жалпы сипаттамасы

